



010000, Астана қаласы, Есіл ауданы,
Орынбор көшесі, № 8 үй, тел.: 8(7172) 74-38-01,
факс: 8(7172) 74-38-24, e-mail: info@minplan.kz

010000, г. Астана, район «Есіл»
улица Орынбор, дом № 8, тел.: 8(7172) 74-38-01
факс: 8(7172) 74-38-24, e-mail: info@minplan.kz

№ _____

№ исх: 35-10/24633 от: 13.12.2017

**Қазақстан Республикасы
Парламенті мәжілісі –
«Ақ жол» ҚДП фракциясының
депутаттары
А.Т. Перуашевке
К.Г. Әбсәтіровке
Х.Е. Барлыбаевқа
Е.С. Никитинскаяға
Б.С. Дүйсембиновке
Д.М. Еспаеваға
М.А. Қазбековаға**

2017 жылғы 15 қарашадағы
№ ДЗ-274 хатқа

Құрметті депутаттар!

Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі (бұдан әрі – *Министрлік*) Сіздердің жарылғыш материалдарды қазақстандық өндірушілер және жеткізушілер әрекеттерінің заңдылығына қатысты монополияға қарсы органның әрекеттерінің/әрекетсіздіктерінің заңдылығы, сондай-ақ қазақстандық өндірушілер мен жеткізушілердің әрекеттерінің заңсыздығы расталған жағдайда монополияға қарсы ден қоюдың шараларын қолдануға қатысты сауалыңызды қарап, мынаны хабарлайды.

Қазіргі уақытта «Казхимпром» ЗТБ-ның 2017 жылғы 21 маусымдағы № 21/01-752 және 2017 жылғы 23 маусымдағы № 23/06-759 және «Нитро-Қазақстан» ЖШС-ның (бұдан әрі – *Серіктестік*) 2017 жылғы 21 маусымдағы № 21/06-369 келіп түскен өтініштерінің шеңберінде монополияға қарсы орган бұрғы жарылыс жұмыстарын жүргізу үшін бастамашыл құралдар мен жарылғыш заттарды өткізетін бірқатар қазақстандық компаниялардың әрекеттерін жарылғыш материалдарды Серіктестікке сатудан бас тартуға байланысты үстем немесе монополиялық жағдайды теріс пайдалану белгілерінің болуы (болмауы) тұрғысында карауда.

Қазақстан Республикасы Кәсіпкерлік кодексінің (*бұдан әрі – Кодекс*) 174-бабына сәйкес үстем немесе монополиялық жағдайға ие нарық субъектілерінің тиісті тауар нарығына кіруді шектеуге, бәсекелестікті болғызбауға, шектеуге және жоюға алып келген немесе алып келетін және (немесе) нарық субъектісінің немесе белгілі бір тұтынушылар тобының заңды құқықтарына қысым жасайтын әрекеттеріне (әрекетсіздігіне), оның ішінде өтініш жасалған кезде тиісті тауарды өндіру немесе өткізу мүмкіндігі болған кезде жекелеген сатып алушылармен шарт жасасудан немесе тауарды өткізуден негізсіз бас тарту не осындай шарт жасасу туралы ұсынысқа күнтізбелік отыз күннен асатын мерзімде жауап ұсынбаудан көрінетін жалтару сияқты әрекеттеріне тыйым салынады.

Бұл ретте бас тарту не жалтару, егер сатып алушы өтініш жасаған кезде өндірілетін немесе өткізілетін тауардың талап етілетін көлемі, оның ішінде тиісті тауарды сату туралы шарттар жасалуына байланысты болмаған жағдайда, негізді деп саналады.

Осыған орай, Серіктестік жүгінген субъектілерде Серіктестікке қажетті жарылғыш материалдар көлемінің болуы (болмауы) бойынша аталған жағдайды анықтау мақсатында іс-әрекетіне «Казхимпром» ЗТБ шағым жасалып отырған компаниялардан монополияға қарсы органмен тиісті мәліметтер сұратылды және зерделенді.

Осылайша, жеке кәсіпорындарда олардың атына Серіктестік өтініш жасаған кезде, Серіктестік сұраған тауар жеткізілімі көлемінен асып кететін көлемде (*кейбір атаулар бойынша*) ресейлік/қазақстандық кәсіпорындармен бұрынырақ жасалған шарттар (келісімшарттар) болған.

Сонымен бірге, нарық субъектілерінің әрекеттерін (әрекетсіздіктерін) үстем немесе монополиялық жағдайды теріс пайдалану ретінде саралау үшін тиісті тауар нарығында бәсекелестіктің жай-күйін талдау арқылы нарық субъектілерінің үстем немесе монополиялық жағдайын анықтау талап етіледі.

Осыған байланысты, қазіргі уақытта монополияға қарсы орган Кодекстің 196-бабының 2 тармағына сәйкес жүргізу мерзімі он екі айдан аспайтын жарылғыш заттарды және бастамашыл құралдарды сату нарықтарындағы бәсекелестіктің жай-күйіне талдау жүргізуде (*бұл ретте, уәкілетті органның деректері бойынша жарылғыш және пиротехникалық заттар (азаматтықты қоспағанда) мен олар қолданылып жасалған бұйымдарды әзірлеу, өндіру, сатып алу, өткізу, сақтау бойынша лицензиялары бар 70-тен асатын субъектілердің елеулі санын ескеру қажет*).

Осылайша, талдау нәтижелер бойынша «Казхимпром» ЗТБ-ның өтінішінде көрсетілген субъектілердің үстем немесе монополиялық жағдайы, сонымен қатар олармен үстем немесе монополиялық жағдайды теріс пайдалану белгілері анықталған жағдайда монополияға қарсы орган монополияға қарсы ден қоудың қажетті шараларын қабылдайтын болады.

Кодекстің 199-бабының 1-тармағына сәйкес Кодекстің 174-бабының 1) тармақшасында көрсетілген белгілерді қоспағанда, нарық субъектісінің әрекеттерінде (әрекетсіздігінде) үстем немесе монополиялық жағдайды теріс пайдалану белгілері болған кезде монополияға қарсы орган нарық субъектісіне оның әрекеттерінде (әрекетсіздігінде) Қазақстан Республикасының

бәсекелестікті қорғау саласындағы заңнамасын бұзушылық белгілерінің бар екендігі жөніндегі хабарламаны тергеп-тексеру жүргізбестен жібереді.

Егер нарық субъектісі хабарламада көрсетілген әрекеттерін (әрекетсіздігін) он жұмыс күні ішінде тоқтатпаса, монополияға қарсы орган тергеп-тексеру жүргізу туралы шешім шығарады.

Осыған байланысты Сізге «Қазхимпром» ЗТБ-ның және Серіктестіктің өтініштерін қараудың нәтижелері туралы қосымша хабарланады.

Бұдан басқа, «Қазхимпром» ЗТБ-ның ресейлік кәсіпорындардың әрекеттеріне де шағым жасағанын назарға ала отырып, «Қазхимпром» ЗТБ-ның өтініші қолда бар материалдармен 2017 жылғы 10 қазандағы № 35-10/ЮЛ-П-739/1 хатымен егер мұндай бұзушылықтар, екі және одан да көп мүше мемлекет аумағындағы трансшекаралық нарықтағы бәсекелестікке теріс әсер ететін болса немесе әсер етуі мүмкін болса, шаруашылық субъектілерінің (нарық субъектілерінің) бәсекелестіктің жалпы қағидаларын бұзуының жолын кесуді жүзеге асыратын Еуразиялық экономикалық комиссияға (*бұдан әрі – Комиссия*) қарау үшін жіберілгенін хабарлаймыз.

Өз кезегінде, Комиссия бұрғы жарылыс жұмыстары үшін бастамашылық ету құралдары мен жарылғыш заттарды өткізетін бірқатар ресейлік кәсіпорындардың бәсекелестіктің жалпы қағидаларын бұзуының белгілері туралы жоғарыда көрсетілген материалдарды қарау үшін қабылдағанын хабарлады.

Сіздің сауалыңызға байланысты Министрліктің атына «Ассоциация инженеров-взрывников Казахстана» ЗТБ-ның «Қазхимпром» ЗТБ шындыққа сәйкес келмейтіндігін және жарылғыш материалдарды өткізу нарығындағы қатысушылардың іскерлік беделін түсіретін ақпарат тарату туралы 2017 жылғы 23 қарашадағы № 415 өтініші келіп түскендігін қосымша атап өтеміз (*оның ішінде «Искра-Сервис» ЖШС, «Промвзрыв» ЖШС, «НПП «Интеррин» ЖШС, «Фирма «Взрывтехнологии» ЖШС және «Орика-Казахстан» АҚ-ның «Қазхимпром» ЗТБ-ға қатысты шағымдарды қанағаттандыру туралы сот шешімдерінің көшірмелері ұсынылды*).

Министр

Т. Сүлейменов

**Депутатам Мажилиса Парламента
Республики Казахстан – фракции
ДПК «Ак жол»
Перуашеву А.Т.
Абсатирову К.Г.
Барлыбаеву Е.Х.
Никитинской Е.С.
Дюсембинову Б.С.
Еспаевой Д.М.
Казбековой М.А.**

На № ДЗ-274
от 15 ноября 2017 года

Уважаемые депутаты!

Министерство национальной экономики Республики Казахстан (*далее – Министерство*), рассмотрев Ваш запрос касательно правомерности действий/бездействий антимонопольного органа в отношении законности действий казахстанских производителей и поставщиков взрывчатых материалов, а также принятия мер антимонопольного реагирования в случае подтверждения незаконности действий казахстанских производителей и поставщиков, сообщает следующее.

В настоящее время, в рамках поступивших обращений ОЮЛ «Казхимпром» от 21 июня 2017 года № 21/01-752 и от 23 июня 2017 года № 23/06-759 и ТОО «Нитро-Казахстан» (*далее - Товарищество*) от 21 июня 2017 года № 21/06-369, антимонопольным органом рассматриваются действия ряда казахстанских компаний, реализующих средства инициирования и взрывчатые вещества для проведения буровзрывных работ, на предмет наличия (отсутствия) в них признаков злоупотребления доминирующим или монопольным положением, в связи с отказами в реализации взрывчатых материалов Товариществу.

Согласно статье 174 Предпринимательского кодекса Республики Казахстан (*далее – Кодекс*), запрещаются действия (бездействие) субъектов рынка, занимающих доминирующее или монопольное положение, которые привели или приводят к ограничению доступа на соответствующий товарный рынок, недопущению, ограничению и устранению конкуренции и (или) ущемляют законные права субъекта рынка или неопределенного круга потребителей, в том числе необоснованный отказ от заключения договора или от реализации товара с отдельными покупателями при наличии на момент обращения

возможности производства или реализации соответствующего товара либо уклонение, выразившееся в непредставлении ответа на предложение о заключении такого договора в срок, превышающий тридцать календарных дней.

При этом, отказ либо уклонение считается обоснованным в случае, если в момент обращения покупателя отсутствует требуемый объем производимого или реализуемого товара, в том числе в связи с заключением договоров о продаже соответствующего товара.

В связи с чем, в целях установления данного обстоятельства по наличию (отсутствию) у субъектов, к которым обратилось Товарищество, необходимого Товариществу объема взрывчатых материалов антимонопольным органом запрошены и изучены сведения, представленные компаниями, чьи действия обжалуются ОЮЛ «Казхимпром».

Так, определено, что отдельные предприятия, на момент обращения в их адрес Товарищества, имели договоры (контракты), ранее заключенные с российскими / казахстанскими предприятиями, на объем поставки товара *(по отдельным наименованиям)*, превышающий заявленный Товариществом объем.

Вместе с тем, для квалификации действий (бездействия) субъектов рынка как злоупотребление доминирующим или монопольным положением требуется также установление доминирующего или монопольного положения субъектов рынка путем анализа состояния конкуренции на соответствующем товарном рынке.

В этой связи, в настоящее время антимонопольным органом проводится анализ состояния конкуренции на рынках реализации взрывчатых веществ и средств инициирования, срок проведения которого, согласно пункту 2 статьи 196 Кодекса, составляет не более двенадцати месяцев *(при этом, следует учесть значительное число субъектов, имеющих лицензию на осуществление деятельности по разработке, производству, приобретению, реализации, хранению взрывчатых и пиротехнических (за исключением гражданских) веществ и изделий с их применением, составляющее, по данным уполномоченного органа, более 70-ти)*.

Таким образом, в случае выявления по результатам анализа доминирующего или монопольного положения субъектов, указанных в обращении ОЮЛ «Казхимпром», а также признаков злоупотребления ими доминирующим или монопольным положением антимонопольным органом будут приняты необходимые меры антимонопольного реагирования.

Так, в соответствии с пунктом 1 статьи 199 Кодекса, при наличии признаков злоупотребления доминирующим или монопольным положением в действиях(бездействии) субъекта рынка, за исключением признаков, указанных в подпункте 1) статьи 174 Кодекса, антимонопольный орган направляет субъекту рынка уведомление о наличии в его действиях (бездействии) признаков нарушения законодательства Республики Казахстан в области защиты конкуренции без проведения расследования.

В случае, если субъект рынка не прекратил в течение десяти рабочих дней действия (бездействие), указанные в уведомлении, антимонопольный орган выносит решение о проведении расследования.

В связи с чем, о результатах рассмотрения обращений ОЮЛ

«Казхимпром» и Товарищества Вам будет сообщено дополнительно.

Кроме того, принимая во внимание, что ОЮЛ «Казхимпром» также обжаловались действия российских компаний, обращение ОЮЛ «Казхимпром», с имеющимися материалами, было направлено письмом от 10 октября 2017 года № 35-10/ЮЛ-П-739/1 для рассмотрения в Евразийскую экономическую комиссию (*далее – Комиссия*), осуществляющую пресечение нарушений хозяйствующими субъектами (субъектами рынка) общих правил конкуренции, в случае если такие нарушения оказывают или могут оказать негативное влияние на конкуренцию на трансграничных рынках на территориях двух и более государств-членов.

В свою очередь, Комиссия сообщила о принятии к рассмотрению вышеуказанных материалов о признаках нарушения общих правил конкуренции рядом российских предприятий, реализующих средства инициирования и взрывчатые вещества для проведения буровзрывных работ.

Дополнительно отмечаем, что, в связи с Вашим запросом, в адрес Министерства поступило обращение ОЮЛ «Ассоциация инженеров-взрывников Казахстана» от 23 ноября 2017 года № 415, в котором отмечается распространение ОЮЛ «Казхимпром» сведений, не соответствующих действительности и порочащих деловую репутацию участников рынка реализации взрывчатых материалов (*в том числе предоставлены копии судебных решений об удовлетворении исковых требований ТОО «Искра-Сервис», ТОО «Промвзрыв», ТОО «НПП «Интеррин», ТОО «Фирма «Взрывтехнологии» и АО «Орика-Казахстан» к ОЮЛ «Казхимпром»*).

Министр

Т. Сулейменов

*Исп.: Мукаева Д.,
74-22-03*